

ӨНІМ НҰСҚАУЛЫҒЫ МЕН ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

RT-4544-01 және RT-4544
Access[™] Prone G2 және
Access[™] Prone кеуде құрылғылары





EC REP	Advena Limited Tower Business Centre, 2nd Flr Tower Street, Swatar, BKR 4013 Malta		АҚШ-та жасаған өндіруші: Qfix 440 Church Rd, Avondale, Pennsylvania, USA +1 610-268-0585 www.Qfix.com
------------------------------	---	--	--

Access, Access 360, kVue және OneTouch – Qfix компаниясының сауда белгілері.

Exact® – Varian Medical Systems компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Cidex® – Johnson & Johnson компаниясының тіркелген сауда белгісі.

Clorox® – The Clorox Company компаниясының тіркелген сауда белгісі.

МАЗМҰНЫ

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ	4
ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ	4
ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР	4
ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ	4
ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР	4
НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ	4
ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ	5
ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ	7
ФУНКЦИЯЛАРЫ	8
СИПАТТАМАСЫ	8
ACCESS PRONE G2 (RT-4544-01) КОМПОНЕНТТЕРІ	9
ACCESS PRONE (RT-4544) КОМПОНЕНТТЕРІ	10
КОМПОНЕНТТЕР	11
ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ	12
ОРНАТУ	12
БАПТАУ	14
ШЫҒАРЫП АЛУ	22
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ	23
ЖҮЙЕНІ ТААЗАЛАУ	23
ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ	23
ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ	24
ACCESS PRONE G2	24
ЕМДЕЛУШІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ	25
ACCESS PRONE G2 (RT4544-01)—ОҢ ЖӘНЕ СОЛ КЕУДЕ	25
ACCESS PRONE (RT-4544)—ОҢ ЖӘНЕ СОЛ КЕУДЕ	27
БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ	29
ACCESS PRONE G2 (RT-4544-01)	29
ACCESS PRONE (RT-4544)	30

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

ЕСКЕРТУ МӘЛІМДЕМЕЛЕРІ

! ЕСКЕРТУ ! БҰЛ ЖАБДЫҚҚА ЕШҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУГЕ БОЛМАЙДЫ. ЕГЕР ОСЫ ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР БӨЛІГІНЕ АПАТТЫҚ ЖАҒДАЙҒА СЕБЕП БОЛАТЫН ЖҮК ТҮССЕ, ОЛ ЗАҚЫМДАЛСА НЕМЕСЕ ДҰРЫС ЖҰМЫС ІСТЕП ТҰРМАСА, ОНЫ ӘРІ ҚАРАЙ ПАЙДАЛАНБАЙ, +1 484-720-6054 НӨМІРІ НЕМЕСЕ TECHSUPPORT@QFIX.COM МЕКЕНЖАЙЫ БОЙЫНША QFIX КОМПАНИЯСЫНА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ.

! ЕСКЕРТУ ! ACCESS PRONE ЖӘНЕ ACCESS PRONE G2 КЕУДЕ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНДАҒЫ ТАРАЗЫЛАР ТЕК АНЫҚТАМА ҮШІН БЕРІЛГЕН.

ҚОСЫМША ЕСКЕРТУЛЕР

- Қос қол ұстағыштары және ипсилатералдық ұстағыштар емделушінің салмағын көтеруге арналмаған.
 - Емделушіні орналастыру үшін тұтқаларды пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.
 - Құрылғыға шығу немесе түсу үшін тұтқаларды пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.
- Емделушілерге құрылғыға шығу және түсу кезінде көмек қажет болуы мүмкін.
- Құрылғының ұзындығына байланысты орнату және алу кезінде құрылғыны екі адам ұстаған жөн.
- Бір уақытта 3-тен артық КТ қалқанын бір-бірінің үстіне қойып пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**. Бұл – құрылғының тұрақсыздығына себеп болуы мүмкін.
- Консольдік құрылғыны пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.
- Үстел беті мен емдеу бөлмесіндегі басқа жабдық арасында жарақат алу мүмкіндігі бар. Жарақатты болдырмау үшін үстел бетін абайлап жылжытыңыз.

ЕМДЕУ ШОҒЫНЫҢ ӘЛСІРЕУІ

kVue Access™ Prone үстел бетінің құрылымдық аймақтары фотон сәулесін әлсіретеді. Баптауға негізделген іс жүзіндегі әлсіреуді сіздегі нақты жабдықпен тексеру қажет. Кез келген құрылғы, тіпті композитті материалдан жасалған құрылғының көмегімен процедура жүргізу теріге әсер ететін дозаның артуына әкеледі.

ЕЛЕУЛІ ОҚЫС ОҚИҒАЛАР

Елеулі оқыс оқиғалар (мысалы, өлімге немесе ауыр жарақаттарға әкеп соқтыратын немесе әкелуі мүмкін оқиғалар) туралы Qfix компаниясына да, еліңіздің құзыретті органына да хабарлаңыз.

НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Қайсысының салмағы аз болғанына қарай, үстел табанына түсірілетін 225 кг (500 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе максимум жұмыс жүктемесінен асыруға **БОЛМАЙДЫ**.

! ЕСКЕРТПЕ ! Түпнұсқа жабдық өндірушісінің үстел табанымен біріктірілген кезде, номиналды жүктеме екі қауіпсіз жұмыс жүктемесінің төменгісі болады. kVue үстел бетіне түсетін жүктеме түпнұсқа үстел табаны өндірушісінің техникалық сипаттамасынан АСПАУЫ керек. Түпнұсқа жабдық өндірушісі берген өнім құжаттарын қараңыз.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ


ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ

Таңбалардың тізімі мен олардың анықтамаларын Qfix.com сайтынан қараңыз.



НОМИНАЛДЫ ЖҮКТЕМЕ

Қайсысының салмағы аз болғанына қарай, 225 кг (500 фунт) біркелкі бөлінген жүктемеден немесе үстел бетінің немесе үстел табанының максимум қауіпсіз жұмыс жүктемесінен асыруға **БОЛМАЙДЫ**.



НЕМЕСЕ




ЖҮКТЕМЕ ЕНДІРМЕСІ

Емделуші құрылғыға шыққанда немесе түскенде сүйену үшін ендірмені пайдалануына рұқсат етуге **БОЛМАЙДЫ**. Бұл емделушінің жарақаттануына себеп болуы мүмкін.



МР ОРТАСЫНДА ҚАУІПСІЗ

Қандай да бір МР ортасының ықпалына ұшырау нәтижесінде ешқандай қауіп байқалмаған элемент. «МР ортасында қауіпсіз» элементтер электр тогын өткізбейтін, металдан жасалмаған және магнитсіз материалдардан тұрады.



КӨТЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

**! ҮСТЕЛ БЕТІ ЕНДІРМЕСІНІҢ ҰШЫН ЕШҚАШАН
КӨТЕРМЕҢІЗ !**

Ұштастырғыш істіктер майысып немесе сынып, үстел бетін жарамсыз етуі мүмкін.

ЖАЛПЫ САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ


ЕСКЕРТУ ЖАПСЫРМАЛАРЫ МЕН СИПАТТАМАЛАРЫ



ОТЫРУҒА БОЛМАЙДЫ


Кеудеден тыс аймақ емделушінің үстіңгі денесін тіреп тұру үшін жобаланған және сыналған; ол емделушінің бүкіл салмағын көтеруге АРНАЛМАҒАН.

Access Prone G2 немесе Access Prone үстінде кеуде ойығынан басқа жерде тұрған немесе отырған жағдайда құрылғы зақымдалуы немесе жарақат адам алуы мүмкін.



ЫҚТИМАЛ ЖАРАҚАТ

Access Prone G2 немесе Access Prone және емдеу бөлмесіндегі басқа жабдық арасында жарақат алу ықтималдығы бар. Жарақатты болдырмау үшін Access Prone құрылғысын абайлап жылжытыңыз.



ГЕНТРИМЕН СОҚТЫҒЫСУ

Үстел табандары мен емдеу бастары арқылы алуға болатын қозғалыстардың алуан түрлілігі үстел бетінің ендіrmесі порталды қоса алғанда, басқа элементтермен соқтығысуы мүмкін жағдайларды тудыруы мүмкін. Жабдықтың зақымданбауы немесе емделуші жарақаттанбауы үшін үстелді немесе гентриді абайлап жылжытыңыз.

ПАЙДАЛАНУ МАҚСАТЫ

Бұл құрылғы сәулелік терапиядан өтіп жатқан пациенттерді қозғалтпай ұстауға, жайғастыруға және дене қалпын өзгертуге арналған.

! ЕСКЕРТПЕ ! АҚШ федералдық заңына сәйкес, бұл құрылғыны тек дәрігерге немесе оның тапсырысы бойынша сатуға рұқсат етіледі.

МАҚСАТТЫ ЕМДЕЛУШІ ТОПТАРЫ

Рентгенотерапия немесе диагностикалық визуализация процедураларынан өтіп жатқан емделушілер.

МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР

Өнімнің мақсатты пайдаланушысы – аймақтың нормативтік талаптарына сәйкес білікті тұлға.

ФУНКЦИЯЛАРЫ

СИПАТТАМАСЫ


Access Prone G2 және Access Prone сол жақ және оң жақ сүт бездерінің қатерлі ісігін емдеуге мүмкіндік береді. Емделушіні етпетінен жатқызу сүт безі мен қауіп төнетін органдардың арасын алыстатуға көмектеседі.

Access Prone G2 (RT-4544-01) құрылғысы Access™ 360 G2 (RT-4544KV-10) үшін КТ/МР модельдеу құрылғысы ретінде пайдаланылуы мүмкін.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ACCESS PRONE (RT-4544) ӨЗІНЕН НЕМЕСЕ БАСҚА ACCESS PRONE (RT-4544) ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫНАН БАСҚА КЕЗ КЕЛГЕН ӨНІМ ҮШІН МОДЕЛЬДЕУ ҚҰРЫЛҒЫСЫ РЕТІНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ.


ФУНКЦИЯЛАРЫ

ACCESS PRONE G2 (RT-4544-01) КОМПОНЕНТТЕРІ



ФУНКЦИЯЛАРЫ

ACCESS PRONE (RT-4544) КОМПОНЕНТТЕРІ



ФУНКЦИЯЛАРЫ

КОМПОНЕНТТЕР

1. ACCESS PRONE G2 ЖӘНЕ ACCESS PRONE КЕУДЕ ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ

Access Prone G2 және Access Prone кеуде және бұғана аймағының сәулелік терапиясынан өтіп жатқан емделушілерді етпетінен жатқызуға және параметрлерін орнатуға көмектесу үшін пайдаланылады.

2. ҚОЛ ЖӘНЕ БАС КОМПОНЕНТІ

3. АЯҚ КОМПОНЕНТІ

4. ЕНДІРМЕ

Ортаңғы бөліктің қайтымды ендіrmесі құрылғыны сол немесе оң жақ сүт безін емдеу үшін жылдам конфигурациялауға мүмкіндік береді.

5. ЖАСТЫҚШАЛАР

Жастықшалар емделушіге ыңғайлы, бірақ оларды алып тастап, вакуумдық жастықшаларды пайдалануға болады. Бұл жастықшаларда емделушілерді орналастырудың қосымша сызбасы беріледі.

6. ҚОС ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ

Қос қол ұстағышы басқа құрылғыларда пайдаланылатын стандартты тіреуішке қарағанда, емделушінің білегіндегі жүктемені азайту үшін эргономикалық дизайнмен жасалған.

7. БАС СҮЙЕНІШТЕРІ

Жүйе етпетінен жатуға арналған және контурлық бас сүйенішімен бірге келеді. Таңдалған баптау тәсіліне байланысты кез келгенін пайдалануға болады. Оларды емделушілердің бойына байланысты бірнеше жерде Access Prone құралына қарай өлшеп орнатуға болады.

8. ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ШКАЛА

Ипсилатералдық шкала баптау үшін жоғары тербеліп барып орнына бекітіледі, ал өңдеу және сақтау үшін артқа қарай бұрылады. Шкаланы туралауға көмекші ретінде пайдалануға болады. Оның дәлдігі ± 1 мм. Сол немесе оң жақ сүт безін емдеуге арналған құрылғының екі жағында шкала бар.

9. САҚТАУ

Ыңғайлы сақтауға арналған ішкі қол ұстағышының қосалқы бөліктері.

10. ҚОЛ ЖӘНЕ БАС КОМПОНЕНТІНІҢ КТ ҚАЛҚАНЫ

КТ қалқаны позициялық тақтайшаға индекстейді және қол және бас компонентін 2,5 мм қадаммен көтереді. Бұл қалқан басқа қол және басқа компонентінің КТ қалқанына қосыла алады.

11. АЯҚ КОМПОНЕНТІНІҢ КТ ҚАЛҚАНЫ


КТ қалқаны позициялық тақтайшаға индекстейді және аяқ компонентін 2,5 мм қадаммен көтереді. Бұл қалқан басқа аяқ компонентінің КТ қалқанына қосыла алады.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ОРНАТУ

ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙША

1. Позациялық тақтайшада көптеген стандартты орналастыру керек-жарақтарына сәйкес келетін екі позициялық істік бар. Бекіту үшін позициялық тақтайшаның кез келген ұшын тиісті Varian Exact® үйлесімді көрсеткіш ойықтарына салып, орнына бекітіңіз. Алып тастау немесе орнын өзгерту үшін жолақтың екі ұшын жоғары қарай тартыңыз.




ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


ОРНАТУ

ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙША

2. 2 позициялық тақтайшаның ұшын КТ қабатындағы Varian Exact® құралымен үйлесімді көрсеткіш ойықтарына бір-бірінен 1260 мм (әдетте 9 көрсеткіш ойық) алшақтықпен салыңыз да, позициялық тақтайшаларды орнына бекітіңіз. (2 және 3-суреттер)



2-сурет




3-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ


БАПТАУ

ҚОЛ ЖӘНЕ БАС ПЕН АЯҚ КОМПОНЕНТІН ҚАБАТҚА ТІРКЕУ

Access Prone G2 және Access Prone қол және бас пен аяқ компоненттерін КТ қабатына орналастырып, позициялық тақтайшаларға өлшеп орнатыңыз. Access Prone G2 және Access Prone компоненттерін бас және аяқ компоненттеріндегі бірдей орындары арқылы өлшеп орнатуды ұмытпаңыз. (4, 5 және 6-суреттер)



4-сурет



5-сурет

ЕНДІРМЕНІ ҚОЛ ЖӘНЕ БАС ПЕН АЯҚ КОМПОНЕНТІНЕ ТІРКЕУ

Ендірменің астыңғы жағындағы орналасу түйреуіштері арқылы ендірмені қол және бас пен аяқ компоненттеріне тіркеңіз. (6-сурет) Бұл ендірмені екі жағын өңдеу үшін айналдыруға болады.




6-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

ҚАРАП ТУРАЛАУ ТЕКСЕРІСІ


Access™ Prone компоненттерінің қабатта дұрыс орталанғанын қарап тексеріңіз. (7-сурет)



7-сурет

КТ ҚАЛҚАНДАРЫ

1. КТ қалқандарын орнату үшін алдымен Access Prone құралын алып тастаңыз.
2. КТ қалқандарын аяқ және бас компоненттері сияқты бірдей өлшеп орнату орнына қойыңыз. Биіктігі 2,5 см қадаммен ұлғайту үшін КТ қалқандарын бір-бірінің үстіне қоюға болады. (8-сурет)



8-сурет


! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! БІР УАҚЫТТА 3-ТЕН АРТЫҚ КТ ҚАЛҚАНЫН БІР-БІРІНІҢ ҮСТІНЕ ҚОЙЫП ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ. БҰЛ – ҚҰРЫЛҒЫНЫҢ ТҰРАҚСЫЗДЫҒЫНА СЕБЕП БОЛУЫ МҮМКІН.

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ


КТ ҚАЛҚАНДАРЫ, жалғасы

3. Access Prone G2 немесе Access Prone құралын КТ қалқандарына қойыңыз. (9-сурет)



9-сурет

4. Құрылғының биіктігін азайту үшін Access Prone G2 немесе Access Prone Breast кеуде құрылғысын алыңыз. Өлшеп орнату тақтасының әр жағындағы босату түймесін басыңыз. (10-сурет)



10-сурет


ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

БАС СҮЙЕНІШІ

1. Емделушіге қолдану үшін «Етпетінен жатуға арналған бас сүйеніші» немесе «Контурлық бас сүйеніші» опциясын таңдаңыз.
2. Пластик туралау бөлігін құрылғының жоғарғы жағындағы тиісті ұяға салыңыз. (11-сурет)

! ЕСКЕРТПЕ ! Бас сүйеніштерін емделушіні құрылғыға отырғызбай тұрып орнатуға болады, бірақ емделуші орнына түскеннен кейін орнын ауыстыру қажет болуы мүмкін.



11-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

ЕМДЕЛУШІНІ ОРНАЛАСТЫРУ


! ЕСКЕРТПЕ ! Емделушілерге құрылғыға шығу және түсу кезінде көмек қажет болуы мүмкін. Төмендегі нұсқаулар – біз ұсынған әдістер, бірақ әр клиника үшін әртүрлі болуы мүмкін.

ACCESS PRONE G2 НЕМЕСЕ ACCESS PRONE ҚҰРАЛЫНА ШЫҒУ НЕМЕСЕ ТҮСУ ӘДІСІ


1. Керееутті төмен түсіріңіз немесе емделушінің ендірге шығуына көмектесу үшін басқышты пайдаланыңыз.
2. Емделуші ендірге болғаннан кейін, оның тізелерін көбіктегі тиісті белгілермен қатарластырыңыз. (12-сурет)
3. Емделушіні демеу немесе шынтақтарының көмегі арқылы денесінің жоғарғы бөлігін орнына жылжытуын сұраңыз. (13-сурет)
4. Емделушіні жайлап орнына түсіріңіз.
5. Орнына қойғаннан кейін, емделушінің басын бас тіреуішіне қойып, оған тиісті қол ұстағыштарын қыстырыңыз. (14-сурет)

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ҚОС ҚОЛ ЖӘНЕ ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ ЕМДЕЛУШІНІҢ САЛМАҒЫН КӨТЕРУГЕ АРНАЛМАҒАН:


- Емделушіні орналастыру үшін тұтқаларды пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.
- Құрылғыға шығу немесе түсу үшін тұтқаларды пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.



12-сурет



13-сурет



14-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ


ҚОС ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ҚОС ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ ЖӘНЕ ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ ЕМДЕЛУШІНІҢ САЛМАҒЫН КӨТЕРУГЕ АРНАЛМАҒАН:


- Емделушіні орналастыру үшін тұтқаларды пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.
- Құрылғыға шығу немесе түсу үшін тұтқаларды пайдалануға **БОЛМАЙДЫ**.

1. Қол ұстағышының ұштарын ендірменің жоғарғы жағындағы сәйкес саңылаулармен туралаңыз.
2. Қол ұстағышын ойықтарға түскенше төмен басыңыз. (15-сурет)

! ЕСКЕРТПЕ ! Қол ұстағышы төмендегі суретке сәйкес емделушіге қарай артқа иілген болуы керек. (16-сурет)



15-сурет



16-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ

1. Қол ұстағышын ендірменің жоғарғы жағындағы тиісті саңылауға салыңыз. (17-сурет)
2. Тұтқаны саңылауға қатайғанша және орнына түскенше қол ұстағышын кез келген бағытта бұраңыз. (17-сурет)



17-сурет

САҚТАУ

Қос қолды және ипсилатералдық қол ұстағыштарын аяқ компонентінің аяқ жағында орналасқан сақтау аймағында сақтауға болады. (18-сурет)



18-сурет

ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

БАПТАУ

ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ШКАЛА

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ШКАЛА ЕМДЕЛУШІНІҢ САЛМАҒЫН КӨТЕРУГЕ АРНАЛМАҒАН.

! НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ ! ҚҰРЫЛҒЫҒА ШЫҒУ НЕМЕСЕ ТҮСУ ҮШІН ТҰТҚАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУҒА БОЛМАЙДЫ.


1. Емделушіні туралаңыз.
2. Емделуші орнына түскеннен кейін, ипсилатералдық шкаланы орнына түскенше жоғары қарай бұраңыз. (19-сурет)

! ЕСКЕРТПЕ ! Шкалалар туралауға көмекші ретінде берілген; емделушінің орнын пайдаланушы растауы керек.

! ЕСКЕРТПЕ ! Шкалалардың дәлдігі ± 1 мм дейін сыналады.

3. Өңдеу және/немесе сақтау алдында ипсилатералдық шкаланы сақтау орнына төмен қарай бұраңыз. (19-сурет)

19-сурет



ПАЙДАЛАНУ НҰСҚАУЛАРЫ

ШЫҒАРЫП АЛУ

ИПСИЛАТЕРАЛДЫҚ ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ

Тұтқаны босағанша орнатуға қарсы бағытында бұраңыз, содан кейін тікесінен тартып шығарыңыз. Ипсилатералдық қол ұстағышы жастықшасының астындағы аяқ компонентінің табан бөлігінде сақтауға болады.

ҚОС ҚОЛ ҰСТАҒЫШЫ

Саңылаулардан шыққанша жоғары қарай тартыңыз. Қос қол ұстағышы жастықшасының астындағы аяқ компонентінің табан бөлігінде сақтауға болады.

ЕМДЕЛУШІ

Орналастыру нұсқауларын кері бағытта орындаңыз.

! ЕСКЕРТПЕ ! Емделушілерге құрылғыға шығу және түсу кезінде көмек қажет болуы мүмкін.

КЕУДЕ ЕНДІРМЕСІ

Кеуде ендіrmесін бас және аяқ бөліктерінен жоғары қарай тартыңыз.

БАС СҮЙЕНІШІ

Бас сүйеніштерін ендіrmеден жоғары қарай тартыңыз.

ҚОЛ ЖӘНЕ БАС ПЕН АЯҚ КОМПОНЕНТІ

Қол және бас пен аяқ компоненттерін қабаттан жоғары көтеріңіз. Егер қажет болса, көк түсті өлшеп орнату пластиналарының әр жағындағы босату түймелерін басу арқылы қалқандар қол, бас және аяқ компоненттерінен бөлшектеуге болады.

ПОЗИЦИЯЛЫҚ ТАҚТАЙШАНЫ ШЫҒАРЫП АЛУ

Позициялық тақтайшаның кез келген ұшынан көтеріңіз.

ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ

ЖҮЙЕНІ ТАЗАЛАУ

Құрылғыны жұмсақ, сызат түсірмейтін тазалау немесе зарарсыздандыру ерітіндісімен тазалау керек. Бетке сұйықтықтарды шашуға немесе құюға болмайды, себебі олар OneTouch™ ысырмасына немесе құрылғыдағы механизмдерге ағып кетуі мүмкін. Тазалау үшін ерітіндіні таза шүберекке жағып, бетін сүртіңіз.

ЖҮЙЕНІ ЗАРАРСЫЗДАНДЫРУ

Төменде көрсетілген тазалағыш материалдар Access Prone G2, Access Prone және үстел беті ендіrmесінің беттерін тазалауға жарамды екендігі сынақ нәтижесінде анықталды. Үстел бетінің беткейлерін зарарсыздандыру үшін тазалағыш ерітінді өндірушісі ұсынған арнайы нұсқауларды қараңыз.

- Су
- 10% Clorox® ағартқыш ерітіндісі
- Изопропил спирті
- Cidex® 2,4% белсендірілген диальдегид ерітіндісі
- Сабын мен су


Access Prone G2, Access Prone немесе үстел бетінің ендіrmесіне тікелей шашуға немесе негізгі жақтауға ағызудың БОЛМАЙДЫ.

Access Prone G2, Access Prone немесе үстел бетінің ендіrmесінің үстіне өткір заттар қоюға БОЛМАЙДЫ.

ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

ACCESS PRONE G2

Салмақ шегі: 225 кг (500 фунт) біркелкі бөлінген жүктеме



ЕМДЕЛУШІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

ACCESS PRONE G2 (RT4544-01) – ОҢ ЖӘНЕ СОЛ КЕУДЕ

Емделушінің аты-жөні:


Емделушінің идентификатор №:

Дәрігер:

Түсініктемелер:

Орнатушы:

Күні:



1. Ендіріме: **Сол** **Оң**

2. Ипсилатералдық шкала:

3. Қос қол ұстағышының орналасуы (біреуін таңдаңыз): **1** **2** **3** **4** **5** **6** **ЖОҚ**

4. Қол ұстағышы, *Емделушінің оң жағы* (біреуін таңдаңыз): **A1** **A2** **A3** **ЖОҚ**

5. Қол ұстағышы, *Емделушінің сол жағы* (біреуін таңдаңыз): **A1** **A2** **A3** **ЖОҚ**

6. Пайдаланылатын бас сүйеніші: **Ешқайсысы** **Етпетінен жату** **Контурлық**
Орын (біреуін таңдаңыз): **A** **B** **C** **D** **E** **F**


7. Тізе орны (біреуін таңдаңыз): **V** **W** **X** **Y** **Z**

Ескертпелер:

(Жалғасы арғы бетте)

ЕМДЕЛУШІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

ACCESS PRONE G2 (RT4544-01) (ЖАЛҒАСЫ)



КТ көтергіштері және қалқандары

8. КТ көтергіш қалқандарының қанша жинағы пайдаланылып жатыр (біреуін таңдаңыз): 0 1 2

9. Жоғарғы КТ көтергіші – Позициялық тақтайшадағы орын A B C D

- Үстел бетіндегі позициялық тақтайшаның орны:

10. Төменгі КТ көтергіші – Позициялық тақтайшадағы орын A B C D

- Үстел бетіндегі позициялық тақтайшаның орны:

Ескертпелер:

ЕМДЕЛУШІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

ACCESS PRONE (RT-4544) – ОҢ ЖӘНЕ СОЛ КЕУДЕ

Емделушінің аты-жөні:


Емделушінің идентификатор №:

Орнатушы:

Дәрігер:

Күні:

Түсініктемелер:



1. Ендіріме: **Сол** **Оң**

2. Ипсилатералдық шкала:

3. Қос қол ұстағышының орналасуы (біреуін таңдаңыз): 1 2 3 4 5 6 **ЖОҚ**

4. Қол ұстағышы, *Емделушінің оң жағы* (біреуін таңдаңыз): **A1 A2 A3 ЖОҚ**

5. Қол ұстағышы, *Емделушінің сол жағы* (біреуін таңдаңыз): **A1 A2 A3 ЖОҚ**

6. Пайдаланылатын бас сүйеніші: **Ешқайсысы Етпетінен жату Контурлық**
Орын (біреуін таңдаңыз): **A B C D E F**


7. Тізе орны (біреуін таңдаңыз): **V W X Y Z**

Ескертпелер:

(Жалғасы арғы бетте)

ЕМДЕЛУШІ ПАРАМЕТРЛЕРІН ОРНАТУ

ACCESS PRONE (RT-4544) (ЖАЛҒАСЫ)



КТ көтергіштері және қалқандары

8. КТ көтергіш қалқандарының қанша жинағы пайдаланылып жатыр (біреуін таңдаңыз): 0 1 2

9. Жоғарғы КТ көтергіші – Позициялық тақтайшадағы орын A B C D

- Үстел бетіндегі позициялық тақтайшаның орны:


10. Төменгі КТ көтергіші – Позициялық тақтайшадағы орын A B C D

- Үстел бетіндегі позициялық тақтайшаның орны:

Ескертпелер:

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ


ACCESS PRONE G2 (RT-4544-01)



1. RT-4544-01 – Access Prone G2 бумасы
 - 2005408 Access Prone G2 оң жақ ендіріме жинағы
 - 2005424 Access Prone G2 сол жақ ендіріме жинағы
2. RT-4544KV-04 – Қос қол ұстағышы
3. RT-4544KV-05 – Қол ұстағышының тіреуіші
4. RT-4544KV-06 – Етпетінен жатуға арналған бас сүйеніші
5. RT-4544KV-07 – Контурлық бас сүйеніші
6. Ипсилатералдық шкала, аласа профиль
 - 8002601 – 40 см (Ауыстыру шкаласы)
 - 8002602 – 48 см (Қосалқы шкала)
7. 2006813 – AP-2 Тақта жинағы
8. 8002580 – AP-2 Қалқан жинағы

БӨЛШЕКТЕР ТІЗІМІ

ACCESS PRONE (RT-4544)



1. RT-4544 – Access™ Prone бумасы
 - 2004257 Access Prone G1 кеуденің ендіріме жинағы
2. RT-4544KV-04 – Қос қол ұстағышы
3. RT-4544KV-05 – Қол ұстағышының тіреуіші
4. RT-4544KV-06 – Етпетінен жатуға арналған бас сүйеніші
5. RT-4544KV-07 – Контурлық бас сүйеніші
6. 8001846 – Ипсилатералдық шкала
7. 8002215 – Access™ Prone тақта жинағы



440 Church Road
Avondale, PA 19311 USA
www.Qfix.com

☎ +1 610.268.0585 / 800.526.5247

🖨 +1 610.268.0588 / 800.831.8174

✉ sales@Qfix.com

2004428_KK_A
2023-07